**2012 жылға халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын беруші немесе құрушы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тізбесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 52 Қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 17 сәуірде № 11-4-129 тіркелді. Күші жойылды - Қарақия аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 11 маусымдағы № 124 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарақия аудандық әкімдігінің 2012.06.11 № 124 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5-4) тармағына, 18-1 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 316 « Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы » қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. « Қарақия аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі » мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындары (әрі қарай-әлеуметтік жұмыс орындары) меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындарда, ұйымдарда және мекемелерде ұйымдастырсын.

2. Қосымшаға сәйкес 2012 жылға арналған әлеуметтік жұмыс орындарын беруші немесе құрушы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тізбесі бекітілсін.

3. « Қарақия аудандық экономика және қаржы бөлімі » мемлекеттік мекемесі « Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасы шеңберінде 2012 жылға республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Т.Тәжібаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі Ә.Дауылбаев*

**КЕЛІСІЛДІ**:

«Қарақия аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қ.Е.Рысбаев

29 наурыз 2012 жыл

«Қарақия аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Ә.Әбдіхалықова

29 наурыз 2012 жыл

2012 жылғы 29 наурыз № 52 қаулысына қосымша

## 2012 жылға арналған әлеуметтік жұмыс орындарын беруші немесе құрушы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тізбесі

| № | Кәсіп орын-дар, ұйым-дар мен мекеме-лер-дің атау- лары | Ха-лық-тың ныса-на-лы топ-тары бой-ынша бекітіл-ген бар-лық жұ - мыс орын-да-ры | Қа- зақ-стан Рес-пуб-ликасы - ның Қару-лы күш-тері қата-ры- -нан боса-ған адам-дар | Жалғыз ілікті, көп - бала-лы атааналар | Табысы аз адамдар | Бір-де бір жұ- мыс жасамай-тын отба-сы | Мү-ге-дектер | Бас бос-тандығынан айыру неме-се мәж- бүр- леп емдеу орын-дары-нан боса-тыл- ған адам-дар | О рал |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| № 1 | Жеке кәсіп-кер «Сабы--таева Р» | 5 | 0 | 1 | 2 | 0 | 0 | 0 | 1 |
| № 2 | Жеке кәсіп-кер «Шанку-лова Г» | 6 | 0 | 1 | 2 | 0 | 0 | 0 | 1 |
| № 3 | Жеке кәсіп-кер «Сатка-нова Н» | 3 | 0 | 1 | 1 | 0 | 0 | 0 | 0 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| № 4 | Ж е к е кәсіп-кер « Туйе-баева Т» | 8 | 0 | 1 | 1 | 0 | 0 | 0 | 2 |
| № 5 | Ж е к е кәсіп-кер « Бекбо-сыно-ва А» | 7 | 0 | 0 | 2 | 0 | 0 | 0 | 1 |
| № 6 | Ж е к е кәсіп-кер « Берди-хан Б» | 5 | 0 | 1 | 2 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| № 7 | Ж е к е кәсіп-кер « Бекжа-нов С» | 10 | 0 | 1 | 2 | 0 | 0 | 0 | 6 |
| № 8 | Ж е к е кәсіп-кер « Нурба-ев Г» | 17 | 0 | 4 | 6 | 0 | 0 | 0 | 2 |
| № 9 | Ж е к е кәсіп-кер « Жузба-ева Б» | 2 | 0 | 0 | 2 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| | **Барлығы** | **63** | **0** | **10** | **20** | **0** | **0** | **0** | **13** |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК